

**"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымактастық туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 665 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымактастық туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*A.Мамин*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымактастық туралы шартқа қол қою туралы**

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымактастық туралы шарттың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Нұрлан Байұзакұлы Ермекбаевқа Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымактастық туралы шартқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*K.Токаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2020 жылғы  
№ Жарлығымен  
МАҚҰЛДАНҒАН  
Жоба

# **Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы**

## **ШАРТ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың және 2013 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарттың ережелерін негізге ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарын, одақтастық жәндік стратегиялық әріптестік, мемлекеттік егемендікті және аумақтық тұластықты өзара құрметтеу, шекаралардың мызғымастыры, дауларды бейбіт жолмен реттеу және күш немесе күшпен қауіп төндіруді қолданбау, тең құқықтық және ішкі істерге араласпау, міндеттемелер мен халықаралық құқық нормаларын адал орындау қағидаттарын ұстана отырып,

жан-жақты әріптестік қатынастарын және стратегиялық өзара іс-қимылды дамыту бағытын ұстанатынын білдіре отырып,

өзара құрмет және бір-бірінің мұдделерін ескеру негізінде әскери ынтымақтастықты ығайту мен дамытудағы өзара мұдделілікті тани отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бап**

Осы Шарттың мақсаттары Тараптар арасындағы әскери ынтымақтастықты жүзеге асыру және дамыту болып табылады.

### **2-бап**

Тараптардың осы Шартты іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

### **3-бап**

Тараптар әскери ынтымақтастықты мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

Тараптардың бірі өтініш жасаған жағдайда Тараптардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мұддесінде әскерлерді (құштерді.) қолдануды бірлесіп жоспарлау;

Тараптардың бірі өтініш жасаған жағдайда өнірлік қауіпсіздікке төнетін қыр көрсетулер мен қауіpterге қарсы бірлескен іс-қимыл;

жедел және жауынгерлік даярлық;

әскери білім және ғылым;  
бітімгершілік қызмет;  
әскерлердің (куштердің) қызметі және оларды жан-жақты қамтамасыз ету;  
екіжақты нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

Тараптар әскери делегацияларының халықаралық үйымдардың жұмысына қатысуы шенберінде өзара іс-қимыл жасау;

мәдениет және спорт;

Тараптардың келісімі бойынша әскери ынтымақтастықтың басқа да бағыттары.

Әскери ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында Тараптар жекелеген халықаралық шарттар жасай алады.

#### **4-бап**

Осы шарттың 3-бабында көрсетілген әскери ынтымақтастық бағыттарын іске асыру үшін Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

қорғаныс ведомстволары басшыларының (басшылары орынбасарларының) ресми сапарлары мен екіжақты жұмыс кездесулері;

әскери делегациялардың қарулы күштер қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша консультациялары мен жұмыс кездесулері;

өнірлік қауіпсіздік және әскерлерді (куштерді) бірлесіп қолдану мәселелері бойынша штабтық келіссөздер мен консультациялар;

конференциялар, семинарлар, симпозиумдар;

жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шаралары (оку-жаттығулар, жарыстар, конкурстар және т.б.);

әскери корабльдердің кіруі (сапарлары);

әскери оку орындарында әскери кадрлар даярлау;

өзара іс-қимылдың әртүрлі салаларында ақпарат және құжаттама алмасу;

спорттық және мәдени іс-шаралар;

Тараптардың келісімі бойынша әскери ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

#### **5-бап**

Осы Шартты іске асыру мақсатында Тараптардың уәкілетті органдары әскери ынтымақтастық барысында шешілетін мақсаттар мен міндеттерді, әскери ынтымақтастық бағыттарын, оларды іске асыру нысанын және орындау мерзімдерін қамтитын Әскери саладағы стратегиялық әріптестіктің үш жылдық кезеңге арналған бағдарламасын әзірлейді.

Әскери саладағы стратегиялық әріптестік бағдарламасында көзделген әскери ынтымақтастықтың міндеттері мен бағыттарына сәйкес Тараптардың уәкілетті органдары іс-шаралардың атаулары, оларды өткізу мерзімдері мен орны, қаржыландыру тәртібі, ұзақтығы және қатысушылар саны, іс-шараларды іске асыруға жауапты бөлімшелер айқындалған Әскери ынтымақтастық жоспарын жыл сайын әзірлейді.

Әскери ынтымақтастық жоспарын Тараптардың уәкілетті органдарының басшылары жоспарланатын жылдың аптындағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.

#### **6-бап**

Тараптар әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту және одан әрі тереңдегу мұдделерінде Тараптардың халықаралық әскери ынтымақтастыққа жауап беретін қорғаныс ведомстволары басшыларының орынбасарлары (халықаралық әскери ынтымақтастыққа жауап беретін құрылымдық бөлімшелердің бастықтары) жетекшілік ететін консультациялар нысанында Тараптардың қорғаныс саясатын үйлестіру бойынша өзара іс-қимыл жасау тетігін пайдаланады.

Көрсетілген консультациялар қажеттілігіне қарай, бірақ жылына бір реттен сиретпей өткізіледі.

#### **7-бап**

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Шартты іске асыру барысында туындайтын шығыстарды Тараптардың ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

#### **8-бап**

Тараптар әскери барлау саласында ынтымақтастық жасайды.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа қарсы бағытталған барлау қызметін жүргізбеуге міндеттенеді.

#### **9-бап**

Екінші Тараптың аумағында уақытша болатын бір Тараптың әскери құралымдарынын, мәртебесі, сондай-ақ бір Тараптың екінші Тараптың аумағында орналасқан әскери объектілерін пайдалану тәртібі мен шарттары жекелеген халықаралық шарттарда айқындалады.

#### **10-бап**

Жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шараларына қатысу үшін екінші Тараптың аумағы арқылы (аумағына) өтетін бір Тараптың әскери құралымдарының құрамына кіретін адамдар Тараптар арасындағы мемлекеттік шекараны Тараптар алдын ала ресми түрде жолдаған әскери қызметшілердің тізімдері бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты (паспорт, жеке куәлік) көрсету арқылы кесіп өтеді.

#### **11-бап**

Тараптардың қарулы күштері үшін әскери кадрлар даярлауды Тараптар тиісті халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырады.

#### **12-бап**

Тараптар мемлекетаралық әскери тасымалдар саласында ынтымақтастық жасайды. Мұндай ынтымақтастық жасау тәртібі жекелеген халықаралық шартта айқындалады.

#### **13-бап**

Тараптар іс-шараларды бірлесіп жоспарлайды және Тараптардың қорғаныс ведомстволары мен қарулы құштері қызметінің салдарына байланысты экологиялық проблемалардың алдын алуда және оларды шешуде өзара көмек көрсетеді.

#### **14-бап**

Осы Шарт шенберінде Тараптар бір-біріне беретін немесе Тараптар бірлесіп жасаған кез келген ақпарат (бұдан әрі - ақпарат), оның нысаны мен мазмұнына қарамастан, тек осы Шарттың мақсатында ғана және екінші Тарапқа нұқсан келтірмей пайдаланылады.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа ақпарат бермеуге міндеттенеді.

Тараптардың әрқайсысы ақпараттың құпиялылығын дербес белгілейді. Тараптар құпия деп таныған ақпаратты жеткізгіштерге "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі қойылады. Беруші Тарап оған қатысты құпиялылықты сақтау қажеттігін ескерткен ақпаратты алған Тарап оны қорғауды қамтамасыз етеді және оны ұлттық заңнаманың осындай ақпаратты қолдануды реттейтін ережелеріне сәйкес қолданады.

Тараптар өкілдерін әскери объектілерге немесе әскери өнеркәсіп кешені кәсіпорындарына кіргізу олар орналасқан аумақтағы Тараптың ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **15-бап**

Осы Шарт қандай да бір басқа мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және Тараптардың өздері қатысуышы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындаитын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **16-бап**

Тараптар екінші Тарапқа қарсы бағытталған қызметті жүзеге асыру мақсатында үшінші тарапқа өз аумақтарын пайдалануына жол бермейді.

Тараптардың бірінің қауіпсіздігіне, тәуелсіздігіне немесе аумақтық тұластығына қатер төндіретін жағдай туындаған жағдайда Тараптар дереу консультациялар өткізеді және 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ережелерін қоса алғанда, халықаралық құқыққа сәйкес әскери көмекті қоса алғанда, бір-біріне қажетті көмек көрсету бойынша нақты әрекет етеді.

#### **17-бап**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар арқылы шешеді.

#### **18-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **19-бап**

Осы Шарт оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт он жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың ешқайсысы тиісті кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар етпесе, оның қолданысы келесі он жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шарт өз қолданысын тоқтатады.

20 жылғы " " қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде алшақтықтар туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК